

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 02-01-02/60 "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді және аттестациядан өтуге тиісті болған әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді тестілеуді өткізу, нұсқау, тестілеу программалары және тестілеу нәтижесінің шекаралық мәнін бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 5 мамырдағы N 02-01-02/59 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 мамырда тіркелді. Тіркеу N 3624. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2008 жылғы 21 қаңтардағы N 02-01-02/11 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2008.01.21. N 02-01-02/11 Бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 02-01-02/60 "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді және аттестациядан өтуге тиісті болған әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді тестілеуді өткізу, нұсқау, тестілеу программалары және тестілеу нәтижесінің шекаралық мәнін бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік-құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2291 тіркелген, 2003 жылғы 23 мамырда N 123-124 "Егемен Қазақстан" және 2003 жылғы 23 мамырда N 150-151 "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 25 шілдеде N 2413 тіркелген, 2003 жылғы 15 шілдеде N 02-01-04/25 - 2003 жылғы 2 тамызда N 222-223 "Егемен Қазақстан" және 2003 жылғы 2 тамызда N 197 "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған; 2004 жылғы 23 ақпанда N 2709 тіркелген, 2004 жылғы 13 ақпандағы N 02-01-02/17 - 2004 жылғы 22 ақпанда N 15 "Заң газеті" және 2004 жылғы 25 ақпанда N 15 "Юридическая газета" газеттерінде жарияланған; 2004 жылғы 27 сәуірде N 2827 тіркелген, 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 02-01-02/42 - 2004 жылғы 14 мамырда N

38 "Заң газеті" және 2004 жылғы 14 мамырда N 38 "Юридическая газета" газеттерінде жарияланған бұйрықтарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:

19-тармақ келесідей редакцияда жазылсын:

"19. Логикалық тестілеуді орындауға жіберілген толық уақыт - 25 минөт, заңнаманы білуге - 105 минөт (140 сұраққа) немесе 60 минөт (80 сұраққа).";

көрсетілген бұйрыққа 2, 3, 4, 6-қосымшаларда "2000 жылдың 21 қаңтардағы N 328 Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелерін", "және "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелері бойынша 10 сұраққа" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген бұйрыққа 2, 3-қосымшаларда "150 сұрақ" деген сөздер "140 сұрақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 4, 6-қосымшаларда "90 сұрақ" деген сөздер "80 сұрақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 7-қосымшада "және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелері бойынша кем дегенде 80% барлық санаттары үшін" деген сөздер алынып тасталсын.

2. 2005 жылғы 27 сәуірдегі N 3595 Қазақстан Республикасының Нормативтік-құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының "Аттестациялануға тиіс мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге Ереже және Тестілеу бағдарламаларын бекіту туралы" 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 02-01-02/42 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға